

Қазақ тілі - сөздік қоры

«Еркетай орталық» бөбекжай – балабақшасында 2024-2025 оқу жылына «Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры» берілген талаптары, қазақ тілін меңгерту үшін сөздік қоры тәрбиеленушілердің қазақ тілінде ауызекі байланыстырып сөйлеуін түрлі балалар әрекетінде дамыту бойынша; -қазақ халқының мәдениетімен , салт-дәстүрімен таныстыру; - белсенді сөздікті байыту ; - сөздік нормалары; - мәдениетті қарым қатынасты игерту; Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту; -қазақ халқының тұрмыстық кәсібімен; мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал –жабдықтары; -туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты , тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдар дайындалған .

«Бауырсақ» тобының тәрбиешісі Оғылай Гаффарқызы балаларға ауыз екі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөзді қолдануына қолдау көрсету. Ынталандыру мақсатында «Мақал-мәтелдер: үлгі –өнеге, тәлім –тәрбие» тақырыбында мақал-мәтелдер сайысын өткізді . Балаларды шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар , тақпақтар жаттау, жұмбақтар шешу арқылы шешендік өнерге баулу , сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет оқу іс-әрекеттерін ойын арқылы жоспарланады. Сондай –ақ балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес «Әжемнің айтқан ақылы» тақырыбында іс-шара өткізілді. Ол іс-шарада қазақ халқының оюлары, ұлттық аспаптары, салт-дәстүрлері, ұлттық бұйымдары туралы мағлұмат берілді. Сонымен қатар ұлттық ойындар ұйымдастырылып, олардың мән-мағынасы түсіндірілді.

Әжелеріміз өздерінің рухани құндылықтарын паш етті.Үлкендер өнегелі сөздерін айтып, ақ баталарын берді.

Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға мүмкіндік беру мақсатында «Ертегі, ертегі сыр шертеді» атты апталық ортаңғы және ересек топтарының тәрбиеленушілерімен өткізілді.

Отбасы құндылықтары туралы түсініктерді қазақи салт-дәстүр өнері туралы ұғымдары кеңейту, отбасындағы жақын адамдарды қадірлеуге, оларды сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету.

Мақсаты: Ою – өрнек туралы мағлұмат беру.

Біліктілік: Балаларды қазақ халқының қол өнерімен таныстыруды жалғастыру. Қоғам өміріндегі еңбектің, халық қол өнерінің рөлін түсіндіру. Дәстүрлі емес әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, ою-өрнекті жапсыруды үйрету. Қайшымен жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру.

Дамытушылық: Баланың есте сақтау қабілетін, саусақ ұсақ бұлшық еттерін, зейінін аударуын дамыту.

Тәрбиелік: Қазақтың қолөнерін құрметтеуге, өнердің мәңгі өшпейтін ою – өрнектердің сыры мен қырын білу арқылы балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Киіз үй, үй жабдықтары, ұлттық киім – кешектер мен бұйымдар, қазақтың ою – өрнектері бейнеленген суреттер, әр балаға үлестірмелі материалдар, желім, сулық.

Билингвальды компонент: ою – өрнек – орнамент, киіз үй – юрта.

Шаттық шеңбері:

Алақанды ашайық,
Күннің нұрын салайық.
Жиналған бар жылуды,
Қонақтарға шашайық.

Ғажайып сәт:

Ішке көңілсіз болып қошқар мүйіз оюы келеді.

Тәрбиеші: Балалар, бұл қошқар мүйіз оюы емес пе? Ою сен неге көңілсізсің?

Қошқар мүйіз оюы:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен Өрнек әженің Қошқармүйіз оюымын. Мен достарымнан ажырап қалдым. Сендер маған достарымды табуға көмектесесіңдерме?
- Иә, көмектесеміз.

Қошқар мүйіз оюы: Рахмет, балалар!

Тәрбиеші: Балалар ауылға баратын жол алыс. Ат арбамен барамыз.

Балалардың барлығы ат арбаға мінеді.

Музыка әуенімен ауылға жетеді.

- Міне, Өрнек әженің үйіне де келдік.

Өрнек әже: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қош келдіңдер!

Балалар әжемен амандасады.

- Сәлеметсіз бе?
- Қалыңыз қалай, Өрнек әже?

Әже: жақсы, бірақ мен далаға көңілді оюларымды ойнатуға шыққам, қошқар мүйіз оюымды таба алмай қалдым.

- Өрнек әже сіз қамықпаңыз. Біз сіздің адасып қалған көңілді оюыңызды ала келдік.
- Сендер мені бір қуантып тастадыңдар. Келіңдер, төрлетіңдер.

- Балалар, қараңдаршы, Өрнек әженің үйі әдемі ме? Әженің үйі қалай аталады?
- Иә, ұнайды. Киіз үй.
- Бұл үй ою-өрнектерден әсемделіп жасалынған. Бұрынғы кезде біздің ата – бабаларымыз осы киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық; киім-кешектерге – кимешек, кажекей, мәсі, сырмақ жатады.



Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен роль атқарған және оны ұқсатуды ел бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Қазақ халқының шаруашылығында мал жүнінің ең асылы және бұйымдар жасауға ең көп қолданатыны түйе және қой жүндері, ешкі түбіті, оның қылы, содан кейінгісі жылқының жал-құйрығы, түйенің жүні, шудасы. Жабағы жүнді киімнің, көрпенің арасына салады, неше түрлі иіру ісіне, бізбен, сыммен тоқу жұмысына қолданады. Түтілген жабағы жүннен шүйке жасалып, бау-шу есіледі, өрмек жіптері, неше түрлі жиектер ширатылады. Дайын болған жүннен ою-өрнек нақышына келтіріп, киіз басады.



Ойыншылардың мақсаты — тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады.





Қазақтың қай бұйымы болмасын, ою-өрнексіз болмаған. Бүгін мен сендерге ою – өрнектің көптеген түрлерімен таныстырамын. Өрнек әже балаларға оюлар түрін көрсетіп, олардың мән – мағынасымен таныстырады.

-Ою-өрнектің мазмұндық ерекшелігі бар. Тарихы мол өнер. Ирек – су, дөңгелек – ай, құсқанаты оюы – еркіндік, азаттық, бейбітшілік, қошқар мүйіз оюы – молшылық, байлық мазмұнын берген.

- Өрнек әже, біздің балаларымыз ою – өрнек, өнер туралы тақпақтар мен мақалдар біледі.

Балалар тақпақтар айтады.

Қол таңбасы әжемнің анық көріп,
Бұл кестенің сырына қанық болып.
Өнерімен өзгелерді тамсандырған,
«Қошқар мүйіз» өрнегін салып беріп.

Қазақта бір ою бар – «Қошқар мүйіз»,
Орын алар тұрағы, көрпе – киіз.
Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде,
Көз тартып құбылады оюымыз.

Ою – өрнек дегенде ою – өрнек,
Көріп жүрміз күнде біз.
Алашада, кілемде, киізде ою-өрнек,
Бүгінге күн жоғалмай ұрпақтарға
Жалғасуда ою – өрнек.

Ою ойғанның - ойы ұшқыр.

Ою ойған – сызу да сызады.

Өз үйінде ою оймаған,
Кісі үйінде сызу сызады.

Әжем өрнек тереді,
Сырмақ отыр оюлап.
Басы ауыра береді,
Шай ішпесе, қоюлап.

- Жарайсыңдар, балалар. Мен сендерді өз шеберханама шақырамын. Сендерге оюлап әдемі көрпеше жасауды үйретемін.

-

Үстел үстінде жапсыруға қажетті құрал-жабдықтар. Өрнек әже балаларға әдемі көрпешені жапсыру әдісін түсіндіреді.

Балалар өз бетінше жұмыс жасауға кіріседі. Жұмыс соңында Өрнек әже балалардың жасаған жұмыстарын қарайды.

Тәрбиеші: Өрнек әже, балалардың жасаған жұмыстары сізге ұнады ма?

Өрнек әже: Ұнады. Балалар мен сендерден қонақ кәде сұрағым келіп отыр. Қандай өнерлерің бар?

- Біздің қыздар «Өрнектер» биін билейді.

Өрнек әже: Рахмет, балалар! Маған билерін қатты ұнады.

Тәрбиеші: Өрнек әже сізге көп рахмет! Біз сізге әлі де келеміз.

Өрнек әже: Сау болыңдар!

Балалар арбаға мініп, балабақшаға оралады.

- Балалар, сендерге бүгінгі саяхатымыз ұнады ма?
- Біз қайда бардық? Қандай оюлармен таныстыңдар?
- Кәне, көрсетейік:

Бас бармақты бассам егер,

«Ботакөз» боп шығады.

Алақанды ашсам егер,

«Бестаңба» боп шығады.

Егер жұмсам алақанды,

«Тарақ» оюы шығады.

Оюларды білетін,

Мен қазақтың баласы.

Тәрбиеші балаларды мадақтайды...